

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген Қосылу Шартына 2 Қосымша (2006 жылғы 30 қазандағы №32 хаттама)

Депозиттерді автоматтандырылған есепке алуды жүргізуге арналған
ТАЛАПТАР

1. Қатысушы банктің депозиттерін автоматтандырылған есепке алу "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ Директорлар Кеңесінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі шешімімен бекітілген «Кепілдендіруге жататын жеке тұлғалардың орналастырылған салымдары (депозиттері) туралы мәліметтері» (одан әрі қарай – Кепілдік берілген өтем бойынша мәліметтер) атты жеке тұлғалардың салымдары бойынша өтемді есептеу нысанының талаптарын ескере отырып, жүргізілуі тиіс.

2 тармаққа «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 12 сәуірдегі №3 хаттама)

2. Депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бұл мақсаттар үшін енгізілген автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйеден (одан әрі қарай – АБАЖ) және ілеспе бағдарламалық өнімдерден (одан әрі қарай – депозиттерді автоматтандырылған есеп алу бойынша БҚЕ) Қатысушы банкпен жеке тұлғалар – клиенттер (одан әрі қарай – клиенттер) бойынша деректерді қолданумен кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін жеке-дара бағдарламалық қамтамасыз етумен жүзеге асырылуы тиіс немесе Қатысушы банк АБАЖ-ге кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтерді автоматты түрде қалыптастыруды қарастыратын АБАЖ-ң тиісті функционалымен қамтамасыз ету тиіс.

3 тармаққа «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 12 сәуірдегі №3 хаттама)

3. Депозиттерді автоматтандырылған есепке алу орталықтан жүргізілуі тиіс, клиенттердің банктік және өзге де шоттарында ақша қозғалыстары, есептелген, төленген сыйақы, кешіктірілген төлемдер, сондай-ақ Қатысушы банк филиалдары клиенттерінің жеке деректері туралы барлық мәліметтер клиенттер бойынша бірегей дерекқорды қалыптастыру үшін Қатысушы банктің бас бөлімшесіне күн сайын келіп тұруы тиіс. Депозиттерді автоматтандырылған есепке алуды жүргізу кезінде теңгеге шетел валюталарының нарықтық курстың өзгеруіне байланысты шетел валютасындағы шоттар бойынша қалдықтардағы өзгерістер көрініс табуы қажет. Кепілдік берілген өтем бойынша мәліметтерді қалыптастыру кез келген жабық операциялық күнге берілген жай-күйі бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

4. Қатысушы банктің әртүрлі филиалдарында клиентпен шоттарды ашу кезінде оған тиесілі кепілдік берілген өтемді дұрыс есептеу үшін осы клиент бойынша деректердің барлығын оның тұрғылықты мекен-жайы бойынша филиалдағы кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтерде бар болған ақпаратты көрсетілуімен бірігуін жүзеге асыруы тиіс.

5 тармаққа «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімдерімен өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 12 сәуірдегі №3 хаттама, 2012 жылғы 19 желтоқсандағы №8 хаттама).

5. Депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бойынша БҚЕ және/немесе Қатысушы банктің АБАЖ-і Кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтерді XML (eXtensible Markup Language) форматында арнайы бағдарламалық интерфейс арқылы банктің барлық клиенттері, сондай-ақ бір/немесе клиенттер бойынша берілген параметрлер бойынша экспорттау мүмкіндігін қарастыруы тиіс. Соңғы жағдайда тиісті фильтр жүйелеріне Кепілдік берілген өтем бойынша экспортталатын Мәліметтердің фильтр параметрлерін беру мүмкіндігі болуы тиіс.

Фильтр жүйелері 2 санатқа бөлінеді:

1) салымшы мәліметтеріне өзгерістер енгізуге дейінгі күнге берілген фильтрлер: «салымшы/лар мәліметтеріне өзгерістер енгізу кезеңінің басы» және «салымшы/лар мәліметтеріне өзгерістер енгізу кезеңінің аяғы (қоса алғанда)» (бір жолақты толтыру кезінде екіншісі толтыруға міндетті болып табылады);

2) салымшыны айқындайтын мәліметтер бойынша фильтрлер: «Аты-жөні», «куәлік №», «СТН», «ЖСН». Кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтерді фильтрлеу екінші санаттағы фильтрлердің кез келген комбинациясында жүргізілуі тиіс, сондай-ақ толтырылмаған жолдар ескерілмеуі тиіс.

Кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтер фильтрлеудің бір санаты, сондай-ақ жиынтығында екінші санат бойынша да қалыптастырылуы тиіс.

Бірінші санат фильтрінде қалыптастырылған салымшы бойынша Кепілдік берілген өтем Мәліметтері таңдап алынған кезең ішінде өзгерістер болмаған шоттарды да қосуы тиіс.

Жиынтықтағы барлық клиенттер бойынша Кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтерден айырмашылығы экспорт кезінде филтреден өткізілген құжат «қ.-ғы Филиал», «Филиал бойынша Барлығы» және «Банк бойынша Барлығы» жолдарын қоспауы тиіс.

6 тармаққа «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (2012 жылғы 12 сәуірдегі №3 хаттама)

6. Кез келген жабық операциялық күнге кепілдік берілген өтем бойынша Мәліметтерді Қатысушы банкпен қалыптастыру ұзақтығы депозиттерді автоматтандырылған есепке алу бойынша БҚЕ жіберген күннен бастап, 5 (бес) жұмыс күннен аспауы тиіс.

7. 7 тармақ «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен алынып тасталды (2012 жылғы 12 сәуірдегі №3 хаттама)